

"2011 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларының мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауға және көтерме жәрдемақы ұсыну туралы" аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 28 наурыздағы N 33/3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 19 қыркүйектегі N 39/10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 17 қазанда N 13-8-150 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі N 4/4 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012.04.16 N 4/4 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21-бабына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 01 шілдедегі № 753 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «2011 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларының мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауға және көтерме жәрдемақы ұсыну туралы» (2011 жылғы 14 сәуірдегі № 13-8-142 мемлекеттік тіркеу нормативтік құқықтық актілерінің Тіркелімінде тіркелген, 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 18 «Қызылжар» газетінде, 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 17 «Маяк» газетінде жарияланған) аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 28 наурыздағы № 33/3 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«1. Қызылжар ауданының елді мекендеріне 2011 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт салаларының мамандарына, тұрғын үй сатып алу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, өтініш берген сәтінде, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есеп көрсеткішінен аспайтын бюджеттік кредит түрінде ұсынылсын.»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

А. Недра

КЕЛІСІЛГЕН:

А. Молдахметова

Аудандық мәслихат

хатшысы

«Қызылжар ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы **Ө. Омаров**

«Қызылжар экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы **А. Фролова**